

**"Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 726
қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 1002 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы
№ 624 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 624 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарды белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 726 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 44, 582-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарда: 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Экипаждың ең аз құрамына мынадай лауазымдар кіреді, олардың саны осы талаптарға 1-қосымшаға сәйкес кеме экипаждарының ең аз құрамының нормативіне сәйкес белгіленеді:

- 1) капитан ;
- 2) капитанның аға көмекшісі;
- 3) капитанның вахталық көмекшісі;
- 4) аға механик ;
- 5) екінші механик ;
- 6) вахта механигі ;
- 7) электромеханик ;
- 8) қатардағы құрам ;
- 9) кеме аспазы . » ;

7-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Aut» нышаны жоқ, қызмет көрсететін бір немесе екі құрылғылар мен жүйелер бойынша автоматтандыру талаптарын қанағаттандырмайтын кемелерде кеме экипажының құрамы қатардағы құрамның бір мүшесіне ұлғайтылады.»;

көрсетілген талаптарға 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын ;

көрсетілген талаптарға 2-қосымшада:
«Сыртқы беті. Обратная сторона. Back» деген бөлімде:
кесте мынадай редакцияда жазылсын:

«

Лауазымы/шөні Должность/звание Grade/capacity	Диплом (ПДМНВ конвенциясының қағидасы) Диплом (Правило Конвенции ПДМНВ) Certificate (STCW regulation)	Тұлғалардың саны Число лиц Number of persons
Капитан Капитан Master		
Капитанның аға көмекшісі Старший помощник капитана Chief mate		
Вахта капитанының көмекшісі Вахтенный помощник капитана Rotation captain mate		
Аға механик Старший механик Chief engineer		
Екінші механик Второй механик Second engineer		
Вахта механигі Вахтенный механик Watch mechanic		
Электромеханик Электромеханик Electric engineer		
Қатардағы құрам Рядовой состав Rank and file		
Кеме аспазы Судовой повар Ship's cook		

»

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2012 жылғы 30 шілдедегі

№ 1002 қаулысына

қосымшасы

Кеме экипажының ең аз құрамына қойылатын талаптарға

1-қосымша

Кеме экипажының ең аз құрамының нормативтері

Кеме экипажының кәсіптік құрамы	Жалпы сыйымдылығы 500 тіркелімдік тоннаға дейін				Жалпы сыйымдылығы 500 бастап 3000 тіркелім			
	«Aut» белгісі бар кемелер		«Aut» белгісі жоқ кемелер		«Aut» белгісі бар кемелер			«Aut» б
	Жағалаудағы жүзу		Жағалаудағы жүзу		Шектелмеген жүзу ауданымен	Жағалаудағы жүзу		Шектел жүзу ауданы
	3 ауысымдық	2 ауысымдық	3 ауысымдық	2 ауысымдық	3 ауысымдық	3 ауысымдық	2 ауысымдық	3 ауысы
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Капитан	1	1	1	1	1	1	1	1
Капитанның аға көмекшісі	-	-	1	-	1	1	1	1
Капитанының вахталық көмекшісі	2	1	1	1	1	1	-	1
Аға механик	1	1	1	1	1	1	1	1
Екінші механик	1	-	1	-	1	1	1	1
Вахта механигі	1	1	1	1	1	1	1	1
Электромеханик	-	-	-	-	1	-	-	1
Қатардағы құрам	3	2	3	2	2	2	2	3
Кеме аспазы	-	-	-	-	1	1	1	1
Барлығы	9	6	9	6	10	9	8	11

Ескертпе. Кеме тіркелімінің Aut белгісі бар немесе экипаждың аз құрамында басқа сыныптау қоғамының автоматтау көлемі бойынша ұқсас белгісі бар

кемелерде бір механик көзделеді.

Адамдарды жедел эвакуациялауға арналған кемелерде, кеме экипажының ең аз құрамында капитан және бір механик көзделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК